



«БЕКІТЕМІН»:  
Ақтүбін облысының білім  
басқармасының басшысы  
А.Ахметкалиев

## Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауының облыстық кезеңі өткізудің ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Балалар музыка мектептерінің және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауын (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, форматын, өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

2. Фестиваль-байқаудың мақсаты: музыкалық дарынды білім алушыларды, дарынды балалар ұжымдарын дамыту және қолдау, олардың шығармашылық белсенділігін, кәсіби бағдарлануын ынталандыру, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Фестиваль-байқаудың міндеттері:

1) музыкалық өнердің жоғары көркемдік үлгілері негізінде жас музыканттарды тәрбиелеу және рухани-адамгершілік дамыту, білім алушылардың танымдық қызығушылықтары мен эмоционалды қабылдауын қалыптастыру;

2) әр түрлі музыкалық аспаптарда балалардың орындаушылығын танымал ету, музыкалаудың ұжымдық нысандарын дамыту және жетілдіру, білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыруы, қоғамдық тануы үшін мүмкіндіктерін кеңейту;

3) Балалар музыка мектептерін және балалар өнер мектептерін дамыту, олардың білім алушы тұлғасын тәрбиелеудегі, оқытудағы және шығармашылық дамытудағы рөлін арттыру;

4) балаларды іс-шараларға тарту арқылы қосымша білім берумен қамтуды арттыруға ықпал ету.

4. Фестиваль-байқауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырысы бойынша Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы **қашықтық форматта** өткізеді. Байқаудың облыстық кезеңін «Абай облысы білім басқармасы» ММ «ДпҚББД ОҒӘ «Дарын» орталығы» КМҚК офлайн форматта өткізеді.

5. Фестиваль-байқаудың әділ қазылар алқасының және ұйымдастыру комитетінің құрамдарын ұйымдастырушылар қалыптастырады, Фестиваль-байқауын өткізеді және қорытындысын шығарады.

### 2. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

6. Фестиваль-байқауға облыстық кезеңіне қатысу үшін, аудан (Семей, Курчатов) қалаларының білім бөлімдері басшыларының қолы қойылған

өтініштер электронды түрде [korkeem.daryn@mail.ru](mailto:korkeem.daryn@mail.ru) электронды поштасына 2024 жылғы 16 наурызға дейін қабылданады.

7. Өтінімге мыналар қоса тіркеледі:

1) байқау кезеңінің аудандық, қалалалық (Семей, Курчатов) кезеңдерінің жеңімпаздарының қатысуы туралы өтінім (туу туралы куәлік немесе жеке куәлікке сәйкес толтырылған қатысушының тегі, аты-жөні, туған жылы, білім беру ұйымы, сынып, үй мекенжайы, телефоны);

2) топ жетекшісінің Т. А. Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны;

3) [www.youtube.com](http://www.youtube.com) арнада орналастырылған бейнематериалға сілтемелер. Бейне сапалы, тоқтаусыз бір роликпен жазылуы керек.

Қатысушылар мен топ жетекшісі туралы берілген мәліметтердің дұрыстығы және нақтылығына жіберуші тарап жауапты.

### 3. Фестиваль-байқауға қатысушылар

8. Фестиваль-байқауға Балалар музыка мектептері мен балалар өнер мектептері (мамандандырылған мектептер мен колледждерден басқа), оқушылар сарайлары (үйі, орталық, кешен, балалар-жасөспірімдер шығармашылығы орталығы) музыка мектептерінің ішекті-ысқылы, үрлемелі және соқпалы аспаптар сыныбы бойынша білім алушылар қатысады.

9. Қатысушылардың саны – әр ауданнан 9 солист, бір немесе екі музыкалық ұжым.

### 4. Фестиваль-байқаудың шарттары мен тәртібі

10. Фестиваль-байқаудың іріктеу кезеңдері:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

аудандық (қалалық);

облыстық.

2) екінші кезең (қорытынды) – республикалық Фестиваль - байқау.

11. Фестиваль-байқаудың бірінші өңірлік (іріктеу) кезеңді өткізу мерзімі аудандық (қалалық) білім бөлімдері, облыстық білім басқармасы басшыларының бұйрықтарымен анықталады.

12. Фестиваль-конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

а) ішекті-ысқылы, үрлемелі және соқпалы аспаптар сыныбы бойынша білім алушылардың жеке орындауы;

б) музыкалық ұжымдардың ішекті-ысқылы, үрлемелі және соқпалы аспаптар сыныбы бойынша өнер көрсетуі.

Әр номинацияға қатысу міндетті.

**Ішекті-ысқылы аспаптар сыныбының жеке өнер көрсетуі келесі жас санаттары бойынша жүргізіледі.**

1) кіші жас тобы – 10 жасқа дейін (9 жасты қоса алғанда);

2) орта жас тобы – 10 жастан 13 жасқа дейін (12 жасты қоса алғанда);

3) ересек тобы – 13 жастан 18 жасқа дейін (17 жасты қоса алғанда).

## **Үрлемелі және соқпалы аспаптар сыныбы білім алушыларының жеке орындауы:**

- 1) кіші жас тобы – 11 жасқа дейін (10 жасты қоса алғанда);
- 2) орта жас тобы – 11 жастан 14 жасқа дейін (13 жасты қоса алғанда);
- 3) ересек тобы – 14 жастан 18 жасқа дейін (17 жасты қоса алғанда).

Қатысушылардың жасы ағымдағы жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша анықталады.

1. Кіші жас тобындағы ішекті-ысқылы аспаптар номинациясындағы қатысушыларға қойылатын конкурстық бағдарламалық талаптар музыка мектебінің V сыныбындағы, орта жас тобында – VI сыныптан төмен емес, жоғары жас тобында – VII сыныптан төмен емес білім алушыларға қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен болмауы тиіс.

2. Кіші жас тобындағы үрлемелі және соқпалы аспаптар номинациясындағы қатысушыларға қойылатын конкурстық бағдарламалық талаптар музыка мектебінің III сынып оқушыларына, орта жас тобында – IV сыныптан төмен емес, ересек тобында – V сыныптан төмен емес оқушыларға қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен болмауы тиіс. Кіші және орта топтың солистері бір сілтеме, жоғары топтың солистері – екі сілтеме ұсынады.

3. Музыкалық ұжымдардың құрамында дирижер немесе концертмейстер қатысуына рұқсат беріледі. Дирижер мен концертмейстер қатысушылардың санына кірмейді.

4. Білім басқармасы Фестиваль-байқау ұйымдастырушыларына [www.youtube.com](http://www.youtube.com) арнасында орналастырылған бейнематериалдарға сілтемелерді [korke.m.daryn@mail.ru](mailto:korke.m.daryn@mail.ru) электрондық поштаға жібереді. Сапалы бейнематериал үзіліссіз тұтас бір роликпен жазылуы тиіс. Әр түрлі орындаулардың «кесінділері» қарастырылмайды. Бейне жазбада сыртқы микрофонды аудио-сигналды өңдеусіз пайдалануға болады.

5. Фестиваль-байқауды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

Бағалау критерийлері:

стильдер комбинациясының өзгергіштігі, өзіндік ерекшелігі және үйлесімділігі;

интонацияның тазалығы және музыкалық жүйе;

музыкалығы, көркемділігі, шығармаларды орындаудағы сенімділігі; техника және орындау деңгейі;

жоғары сапалы орындау.

### **5. Фестиваль-байқауды қорытындылау және қатысушыларды марапаттау**

20. Фестиваль-байқаудың облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар Бас жүлде I, II, III дәрежелі дипломдарымен хаттармен марапатталады. Фестиваль-байқаудың барлық қатысушыларына қатысу туралы сертификаттар беріледі.

Анықтама телефондары: 8 7082600405.

Балалар музыка және өнер мектептерінің білім алушылары – жас музыканттардың республикалық фестиваль-байқауына қатысуға өтінім

(солистер)

№	Қатысушының тегі, аты	Мектептен тыс ұйымның аталуы	Туған күні	Тұрғылықты мекен-жайы, (индекс, облыс, қала, ауыл, № үй, пәтер, ағана-анасының телефоны)	Педагогтің Т. А. Ә, телефоны	Концертмейстердің аты-жөні, телефоны	Шығарманың аталуы	Шығарманың авторы	Сілтемелер, орындау уақыты
кіші жас тобы									
1									
2									
орта жас тобы									
1									
2									
ересектер тобы									
1							бірінші кезең 1. 2. екінші кезең 3. 4	бірінші кезең 1. 2. екінші кезең 3. 4	2 сілтемелер (әр кезеңге бір сілтеме)
2									
3									

Музыкалық ұжым

№	Ұжымға қатысушының тегі, аты	туған күні	ұжым жетекшісінің Т. А. Ә., телефоны, концертмейстер (толық Т. А. Ә.), телефоны	шығарма авторы	шығарма аталуы	барлық шығармаларға 1 сілтеме
с						

Орындау уақыты \_\_\_\_\_ (минутпен)

**Ескертпе:** отінімде көрсетілген қатысушылардың бағдарламасы мен орындау тәртібі өзгертуге жатпайды.

## Байқаудың бағдарламалық талаптары Ішекті-ысқылы аспаптар

Кіші және орта жас тобы

### Скрипка

- I. Концерт, концерттік соло, вариациялар, сонаталар.
- II. Қазақстан композиторларының бірінің пьесасы.
- III. Виртуозды шығарма.

Мысалы,

1. Бом (үздіксіз қозғалыс);
2. Күй (үздіксіз қозғалыс);
3. Ф. Рис (үздіксіз қозғалыс);
4. Фирило. Этюд 28 D-dur;
5. Богословский. Мәңгілік қозғалыс және т.б.

### Виолончель

I. Ұсынылған соната немесе концерт орындаушының таңдауы бойынша:

1. Бревиль. Соната c-dur (1-бөлім).
2. Гольтерман. №5 концерт (1-бөлім).
3. Вивальди. Соната e-moll.
4. Гольтерман. № 4 концерт (II, III бөлім).
5. Ромберг. Соната c-dur (1 бөлім).
6. Йордан. Вариациялар.

II. Қазақстан композиторларының бірінің пьесасы.

III. Орындаушының таңдауы бойынша виртуозды пьеса:

1. Айвазян. Грузин биі.
2. Кабалевский. Этюд op. 27 A-Молл.
3. Шлемюллер. Үздіксіз қозғалыс.
4. Дженкинсон. Би.
5. Комаровский. Вперегонки.
6. Гильдерман. В непогоду.

Кіші жас тобында конкурсқа қатысушылардың орындайтын шығармалары БММ 5-сыныптың бағдарламалық талаптарынан төмен болмауы, орта жас тобында 6-сыныптан төмен болмауы тиіс.

### Ересектер тобы

#### Скрипка, альт, виолончель

#### 1 тур

1. Ежелгі соната (2-бөлім).
2. Қазақстан композиторларының бірінің пьесасы.
3. Орындаушының таңдауы бойынша пьеса.

#### 2 тур

4. Концерт.
5. Орындаушының таңдауы бойынша туынды.

Пьесалардың бірі міндетті түрде виртуозды болуы керек. Деңгей бойынша барлық шығармалар БММ-нің 7-сыныбына қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен болмауы тиіс.

**Үрлемелі және соқпалы аспаптар  
Кіші және орта жас тобы**

1. Ірі формадағы туынды.
2. Қазақстан композиторларының бірінің пьесасы.
3. Орындаушының таңдауы бойынша туынды.

Кіші жас тобында байқауға қатысушылар орындайтын шығармалар деңгейі бойынша 3-сыныпта қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен болмауы, орта топта БММ-нің 4-сыныбынан төмен болмауы тиіс.

**Ересек тобы**

**1**

**тур**

1. Қазақстан композиторлары бірінің пьесасы.
2. Виртуозды пьеса.
3. Классик композитордың туындысы.

**2 тур**

4. Ірі формадағы туынды.
5. Орындаушың таңдауы бойынша туынды.

Ересек тобында байқауға қатысушылардың орындайтын шығармалары БММ-нің 5-сынып оқушыларына қойылатын бағдарламалық талаптардан төмен емес деңгейде болуы тиіс.

**Музыкалық ұжымдардың өнер көрсетуі**

**Музыкалық ұжымның** байқаулық өнер көрсету бағдарламасына әртүрлі сипаттағы туындылар енгізілуі тиіс, олардың бірі Қазақстан композиторының туындысы немесе қазақ халық әуенін өңдеуі. Байқауда орындалатын туындылардың саны – кем дегенде төртеу. Әр ұжымның өнер көрсету уақыты - 15 минут.